Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігінің
Статистика комитеті төрағасының
2019 жылғы 19 желтоқсандағы
№ 14 бұйрығына 6-қосымша

**«Күнделікті шығыстарды есепке алу күнделігі»**
**(индексі D 003, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы «Күнделікті шығыстарды есепке алу күнделігі» (индексі D 003, кезеңділігі тоқсандық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және «Күнделікті шығыстарды есепке алу күнделігі» (индексі D 003, кезеңділігі тоқсандық) (бұдан әрі – Күнделік) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта Заңда айқындалған мәндердегі ұғымдар, сондай-ақ мынадай анықтама пайдаланылады:

супервайзер – үй шаруашылықтарына зерттеу жүргізуді қамтамасыз ететін және интервьюерлердің жұмысына бақылауды жүзеге асыратын аумақтық статистика органының қызметкері.

3. Осы статистикалық байқау азық-түлік тауарларына (үй шаруашылығында тұтынылатын) күнделікті ақшалай шығыстарды және олардың мөлшерін (жеке қосалқы шаруашылықтан тегін немесе сыйға алынған өнімдерді қосқанда) және жанар-жағармай материалдарына шығыстарды есепке алуға арналған.

Күнделікті басқаларға қарағанда шаруашылықпен көбірек айналысатын және үй шаруашылығының басқа мүшелерінің шығыстары туралы білетін үй шаруашылығының мүшесі толтырады.

Сәйкес келетін жауап нұсқасы таңдалады, сондай-ақ қажет боған жағдайда сандар, жауап нұсқасының коды және (немесе) мәтін енгізіледі. Жауаптың қате коды таңдалған жағдайда, оны сызып тастау және дұрыс жауабын белгілеу қажет (толтыру кезіндегі анықталған қатені респондент сызып тастайды және дұрыс жауабын қасына жазады).

Үй шаруашылығына әрбір зерттелетін кезеңде айдың бірінші және екінші аптасына екі күнделік беріледі.

Зерттелетін кезеңнің әрбір күні үшін жаңа бет толтырылады.

«Бақылау сомасы» жолында барлық жолдар бойынша қортынды сома қойылады (интервьюер толтырады).

4. Күнделіктің титулдық парағын интервьюер толтырады. «Аумақтың (елді мекеннің) атауы» 1-тармағында облыстың (қаланың), ауданның (қаланың) және ауылдық елді мекеннің атауы көрсетіледі. 2, 3, 4 және 5-тармақтар интервьюерлерге супервайзерлер ұсынған зерттелетін үй шаруашылықтарының тізімінде көрсетілген деректемелерге сәйкес толтырылады.

5. Күнделікті толтыру кезінде үй шаруашылығының мүшесі осы статистикалық нысанға 1-қосымшада көрсетілген азық-түлік тауарларының тізбесін, осы статистикалық нысанға 2-қосымшада көрсетілген күнделікті толтыру үлгісін басшылыққа алады.

Күнделікке:

көрсетілген кезеңде жұмсалған күнделікті шығыстар;

үй шаруашылығы есебінен және өтініш бойынша бөгде адамдардың сатып алулары жазылады.

Күнделікте басқа үй шаруашылығының өтініші бойынша оның есебінен жасалған сатып алулар есепке алынбайды.

6. Әрбір күн үшін қатысқан адамдар санына қатысты аталған күн әдеттегідей болғандығы, не болмағандығы атап өтіледі (ерекше күн – салтанатты немесе салт-жоралық іс-шараларды өткізу).

Зерттелетін күні 2, 3, 4 және 5-бөлімдерде жазбалар болмаған жағдайда, интервьюер 1-бөлімнің 1.3-тармағында Күнделікті толтырмау себебінің кодын тиісті күн бойынша қояды:

1 – осы күні болмағандар;

2 – үйде болған, бірақ ешқандай шығыс шығармаған;

3 – күнделікті толтырудан бас тартқан.

7. «Азық-түлік өнімдерін, алкогольсіз және алкогольді сусындар, темекі өнімдерін сатып алу» 2-бөлімінде әрбір сатып алу «Азық-түлік өнімдерінің атауы» бағанына азық-түлік өнімдерінің тиісті тобына жеке жолда жазылады, мысалы: қара бидай наны, күріш, ұн «нан өнімдері және жармалар» тобына; қант, тосап, кәмпит «қант, джем, бал, шоколад және кондитерлік өнімдер» тобына жазылады.

Жазбалар анық, толық болуы қажет, себебі әрбір тауар алдағы уақытта кодтауға жатады.

Келесі жекелеген азық-түлік өнімдері үшін сипаттама талап етіледі, мысалы:

ет түрлері: сиыр, шошқа, қой және еттің басқа да түрлері;

ірімшік түрлері: мәйекті, балқытылған, тұзды ірімшіктер және ірімшіктің басқа да түрлері;

нан түрлері: қара бидай, қара бидай-бидай, бидай наны және нанның басқа да түрлері.

«Сатып алу мақсаты» 1-бағанын толтыру кезінде «9 – басқасы» кодына салтанатты, салт-жоралық іс-шараларды өткізу үшін сатып алынған азық-түліктер және тауарлар жатады. Азық-түлік өнімдері консервілеуге, мұздатуға, кептіруге (қайта өңдеу) сатып алынған жағдайда «3-қайта өңдеу» коды қойылады.

«Сатып алу орны» 2-бағанын толтыру кезінде «1 – дүкен» кодына азық-түлік дүкендерінде, шағынмаркеттерде, павильондарда және дүңгіршектерде сатып алынған азық-түлік өнімдері жатады. «2 – супермаркеттер, гипермаркеттер» кодына супермаркеттерде және гипермаркеттерде сатып алынған азық-түлік өнімдері жатады. «3 – азық-түлік базары» кодына азық-түлік базарларында алынған азық-түлік өнімдері жатады. «9 – басқа» кодына сатып алуға арналған басқа да жерлерде, мысалы фирмадан немесе жеке адамнан алынған азық-түлік жатады.

«Қанша айға сатып алынды?» 6-бағанын толтыру кезінде 1 айдан 12 айға дейін қорға сатып алынған азық-түлік өнімдері қанша айға сатып алынғанына қарай қойылады.

Азық-түлік тауары бір айдан аспайтын уақытқа сатып алынса, бұл жағдайда «Қанша айға сатып алынды?» 6-бағанын толтыру қажет емес.

8. «Қоғамдық тамақтандыру» 3-бөліміне темекі бұйымдарын сатып алуды, осы мекемелерде телефонмен сөйлесулерді қоспағанда, мейрамхана, дәмхана және ұқсас мекемелер шығыстарына тамақтануды ұйымдастыру, тағамға, сусындар және жеңіл дәмтатымға төлем, оларды даярлау және беру, дәмхана, мейрамхана, буфет, бар, шайхана, кофеханалар және жедел тамақтандыру кәсіпорындары қызметіне шығыстар жатады.

Мәдени және спорттық орталықтарда: театрларда, кинотеатрларда, спорт стадиондарында, мұз айдындарында, музейлерде, сурет галереяларында және ұқсас орындарда;

қоғамдық көлікте: поездарда, ұшақтарда, кемелерде (тамақтың бағасы тасымалдау үшін билет сомасына қосылған жағдайдан басқа);

ойын-сауық орындарында: түнгі клубтарда, барлары бар дискотекаларда және басқа ойын-сауық орындарда тамақтандыру бойынша көрсетілетін қызметтер жатады.

Қоғамдық тамақтандыру асханалары көрсететін қызметтерінің шығыстарына ауруханада стационардағы емдеушілерге арналған азық-түлік және сусындарды қоспағанда, жұмыс, қызметтік асханалардағы тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер жатады.

Оқушыларға арналған тамаққа оқушылар оқитын жерлерде орналасқан асхана, буфеттерге тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер жатады.

Студенттерге арналған тамаққа студенттер оқитын жерлерде орналасқан асхана, буфет, дәмханаларда тамақтандыруды ұйымдастыру бойынша көрсетілетін қызметтер жатады.

Жеткізіліммен тамаққа тапсырыс беруші өзі алып кететін немесе үйге жеткізілетін дайын тағам жеткізушілеріндегі тағамдар және жеңіл дәмтатымдарды сатып алу жатады.

«Басқасы» жолы бойынша автомат-машиналарда, дүңгіршіктерде, көше бөткелерінде және осындай сауда нүктелерінде сатылатын тұтынуға дайын азық-түліктерге жұмсалған шығыстар жазылады.

«Алынуы» 1-бағаны бойынша «1 – сатып алу» немесе «2 – сыйлық» кодын белгілеу қажет. «1 – сатып алу» коды тамақ үй шаруашылығы бюджеті есебінен сатып алынған жағдайда белгіленеді. «2 – сыйлық» коды қайырымдылық түскі астар кезінде тамақ ақысыз, тегін алынған жағдайда жергілікті бюджет есебінен бастауыш мектеп оқушылары үшін, сондай-ақ аз қамтылған отбасылардан шыққан оқитындар үшін белгіленеді.

2-баған «Сыйлыққа алынған болса, порция санын көрсетіңіз» тек 1-баған бойынша «2 – сыйлық» коды қойылған жағдайда толтырылады. Порция бір адамға бір ретке қабылдау үшін есептелген тағам және сусынның белгілі бір мөлшері.

«Құны» 3-бағаны бойынша қоғамдық тамақтандыруды сатып алуға жұмсалған сомасы қойылады немесе тамақ сыйлыққа алынған жағдайда, құны шамамен жазылады.

9. Жеке қосалқы шаруашылықтан немесе сыйлыққа тегін алынған өнім мөлшері «Жеке қосалқы шаруашылықтан немесе сыйлыққа (осы күні тұтынылған) тегін алынған өнімдер» 4-бөлімінде есепке алынады.

«Алу көзі» 2-бағаны бойынша жеке қосалқы шаруашылықтан алынған азық-түлік өнімдері «1 – қосалқы шаруашылық (жеке ауладағы)» кодына жатады, туыстардан, достардан, таныстардан және өзге де адамдардан сыйлыққа алынған азық-түлік өнімдері «2-сыйлық» кодына жатады.

10. «Жеке көлік құралдары үшін жанар-жағармай материалдарына шығыстар» 5-бөлімінің 1-бағаны бойынша жеке пайдалану үшін көлік құралдарын күтуге жанар-жағармай материалдарын сатып алу мақсаты белгіленеді және 2-баған бойынша төленген сомасы жазылады.

11. Есепті кезең аяқталған соң интервьюер қандай да бір сұрақтар қалып кетпегендігін қарап шығады және күнделікті өзімен алып кетеді. Интервьюер үй шаруашылығынан тыс жерде нысанды қайта қарап шығады, егер қандай да бір сәйкессіздіктерді тапса, онда үй шаруашылығына қайта хабарласады (жеке немесе телефонмен) және жетіспейтін ақпаратты анықтайды.